

Метапневмовирус (Human Metarпевмовирус, HMPV) – тыныс алу жолдарының ауруларын қоздыратын, қауіпті әрі аз зерттелген вирус. Бұл вирус алғаш рет 2001 жылы анықталғанымен, денсаулық сақтау саласының басты назарында. Әсіресе, бұл вирус балалар, қарт адамдар және иммунитеті әлсіреген азаматтар үшін үлкен қауіп төндіреді.



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

11 қаңтар
сенбі
№2 (2115)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Облыс әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев
ҚР Парламент
Сенатының
депутаттары
Наурызбай
Байқадамов, Руслан
Рүстемов, Мәжіліс
депутаттары Мұрат
Ергешбаев, Мұрат
Әбеновпен бірге
«Тәуелсіздікке –
25 жыл» даңғылына
жаңғырту
жұмыстарының
барысын көрді.



МЕТАПНЕВМОВИРУС ҚАУІПТІ МЕ?

Соңғы деректерге сүйенсек, Қытайда респираторлық инфекциялардың таралуы күшейіп келеді. «China Daily» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, Қытайдың солтүстік провинцияларында тыныс алу жолдарының аурулары 2024 жылдың желтоқсан айының соңында белсенді тіркеле бастаған. Алайда Қытайдың «Аурулардың алдын алу және бақылау басқармасы» хабарлауынша, 2025 жылдың қаңтар айының басында маусымдық вирустардың ішінен үш негізгі вирус ерекше назар аударды: тұмау вирусы, риновирус және адамның метапневмовирусы (hMPV). «РБК» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, Қытайда 14 жасқа дейінгі балалар арасында метапневмовируспен ауыру жағдайлары жиілеп барады. Әсіресе, бұл жағдай солтүстік аймақтарда айқын байқалады. Сарапшылар вирустың тез таралуын, ауыр салдарларын және оны диагностикалаудың қиындығын ерекше атап өтуде.

Ungeneva.org сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, адамның метапневмовирусы (hMPV) респираторлық вирустарының таралуы жаңа немесе аса үлкен қауіпті емес. Бұл туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ресми өкілі Маргарет Харрис Женевада журналистермен кездесу барысында мәлімдеді. Маргарет Харристің айтуынша, Қытайда тыныс алу жолдары инфекцияларының көбеюі маусымдық түрге сәйкес келеді. Елдің ауруларды бақылау және алдын алу орталығының деректері бойынша, тұмау әлі де ең жиі таралған ауру болып қала береді. ДДСҰ өкілі сондай-ақ респираторлық инфекциялардың таралуы қысқы маусымға тән қалыпты деңгейде екенін атап өтті.

Метапневмовирус тыныс алу жолдарының ауруларын тудыратын, аз зерттелген вирустардың бірі. Интернетте жарияланған ақпаратқа сүйенсек, метапневмовирус ауа арқылы таралып, дені сау адамдарда жеңіл симптомдар тудырамын, кей жағдайларда ауру ауыр асқынулармен өтеді. Вирус белгілері тұмауға ұқсас келеді. Олар: дене қызуының көтерілуі, жөтел, мұрыннан су ағу, әлсіздік және кейде тыныс алудың қиындауы. Кішкентай балалар мен қарттарда ауыр жағдайлар туындауы мүмкін. Бұл вирус маусымдық сипатқа ие және көбінесе қыста және көктемде белсенді болады. Әлем бойынша тыныс алу жолдарының инфекцияларының айтарлықтай бөлігі осы вируспен байланысты.

4-БЕТТЕ

2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ



Президент жарлығымен 2025 – «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Президент тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет 2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылына арналған іс-шаралар жоспарын бекітті. Құжатта енгізілген 7 бағыт пен 70 қадам жұмысшы маман даярлау мен қолдауға, техникалық және кәсіптік білім берудің тиімділігін арттыруға, еңбек құқықтарын қорғау тетіктерін дамытуға бағытталған.

Бұл мәселе Үкімет отырысында қаралып, премьер-министр Олжас Бектенов еңбек заңнамасының, еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігінің сақталуына бақылауды күшейтудің, сондай-ақ кәсіпорындарда еңбек дауларына жол бермеу үшін алдын алу шараларын қабылдаудың маңыздылығын атап өтті. Атаулы жылдың нәтижелі болуын тапсырған Үкімет басшысы көлік саласындағы кадр тапшылығы мәселесін шешуді, ауылдарға маман тартуға жағдай жасауды, мамандарды қайта даярлауға мән беру қажеттігін атап айтып, тиісті министрліктерге тапсырма берді. Бір қуаныштысы, жұмысшы мамандық иелерінің мәртебесін көтерумен қатар, материалдық жағдайын түзеуге мән берілмек. Үкімет басшысы бұл орайда өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, су ресурстары министрліктеріне кәсіпорындармен, әкімдіктермен және Отбасы банкімен бірлесіп, жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосуды псықтауды тапсырды.

Бүгінде атаулы жылда жүзеге асар жұмыстар басталып та кетті. Атап айтқанда, Оқу-ағарту ми-

нистрілігі техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Бүгінгі таңда елімізде кәсіптік-техникалық білім беретін 772 колледж бар, онда 565 мың студент оқып жатыр. 2024 жылдың қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беруде мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынды құраған.

Тағы бір атап айтар жаңалық – мемлекет колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландырудың жаңа нормативін қабылдауы. Қазіргі күні бір студентті оқытуға бөлінетін қаражаттың орташа мөлшері 437 мың теңгені құраса, жаңа оқу жылынан бастап нақты көрсеткіштерге қол жеткізген колледждер үшін орташа есеппен 2 есе артып, 912 мың теңгені құрайды. Бұл бәсекеге қабілетті маман даярлауда білім беру ұйымдарын уақыт талабына сай жабықтауға, педагогтардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасасмақ. Тағы бір атап айтарлығы, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы студенттерді қолдап, дамыту үшін Астанада Ұлттық құзыреттер орталығы құрылатын болды.

2-БЕТТЕ



«ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 25 ЖЫЛ» ДАҒҒЫЛЫ: ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ



Откен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, даңғылдың 6,7 шақырымы қайта жаңғыртуға. Мердігер мекеме «Уа» ЖШС бұған дейін 1,2 шақырым кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды және 1,2 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды.

Бүгінде қосымша жер телімдерін сатып алу қажеттілігі туындап, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Аймақ басшысы даңғыл көлік қатынасы мен жаяу жүргіншілерге ұзақ жыл қызмет етуі үшін құрылысты сапалы жүргізіп, межелеген уақытта бітіру керек екенін ескертті.

Еске салайық, өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөнделді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жұмыс қарқынды жоғары деңгейде. Жоба биыл толық аяқталады.

«Ақмешіт-ақпарат»

6 АЙДА АЛТЫ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДЕ ТАБЫС ТАБУ ОҢАЙ МА?



Қазіргі кезде «6 айда алты миллион таптым». «Англияда жұмыс істеп, Астанадан үй алдым» дегенді жиі естиміз.

Соның нәтижесінде шетелге қызыққан отандастар қатары жылдан-жылға артуда.

Бүгінгі таңда шетелде жұмыс істеуді армандап қана қоймай, оны алдына мақсат еткен жастардың қатары көбейген. Кейбірі табысына қызықса, енді бірі тәжірибе жинақтап келуді ойлайды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде шетелде 150 мыңға жуық отандасмыз жұмыс істеп жүр. Араб елдері, Түркия, Үлбритания, Оңтүстік Корея және Еуропа елдерінде еңбек етіп жүрген қазақстандықтар аз емес. «Жастардың шетелге жұмыс іздеп кетуі елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың көрсеткіші» дейді әлеуметтанушылар.

3-БЕТТЕ



ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

4-БЕТТЕ

ЦИФРЛЫҚ КАРТА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазақстандықтардың жартысынан астамының (52%) кәсіптік немесе техникалық білімі бар. Бүгінде 2,3 млн-ға жуық адам 2 мыңнан астам жұмысшы мамандығы бойынша еңбек етуде. Мамандарға деген сұраныс өте жоғары, өткен жылы 270 мыңнан астам бос жұмыс орны болған. Жұмысшы кадрлар көлік, сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда көбірек сұранысқа ие. Енді жылдан-жылға жұмысшы кадрларға деген қажеттілік арта түспек. Алдағы 6 жылда кадрларға сұраныс 1,6 млн адам деп бағаланады, оның ішінде жартысынан астамы кәсіптік-техникалық білімі бар қызметкерлер, олардың 400 мыңға жуығы жұмысшы мамандықтар.

Жұмысшы мамандықтарын қолдау мақсатында маңызды жобалардың бірі – Кәсіпорынның цифрлық картасы. Бұл нақты уақыт режимінде кәсіпорындардағы тәуекелдерді алдын ала анықтауға және алдын алу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның цифрлық картасын Отбасының цифрлық картасымен үйлестіру жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Жұмыс беруші қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқатын ескере отырып, тәуекелдерді автоматты түрде анықтай алады. Кәсіпорынның цифрлық картасы – әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын жүзеге асыратын құрал.

ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА 75 ЖАҢА МАМАНДЫҚ ПАЙДА БОЛАДЫ

Өнеркәсіп және құрылыс саласына 39 мыңнан астам кадр қажет екен. Бұл ақпаратты сала министрлігінің өзі айтты. Түінді мәселені шешу үшін роботтандырылған тау-кен техникасы операторы, тау-кен және металлургия өнеркәсібіне арналған смарт-жүйелерді әзірлеуші, виртуалды прототиптеу жөніндегі маман, цифрлық жобалаушы, Big Data талдаушысы және «Ақылды үй» жобалаушысы сияқты 75 жаңа мамандықты қамтитын жаңа мамандықтар атласы әзірленген.

Биыл индустрияландыру картасының аясында машина жасауда 8 жаңа мамандық пайда болады екен: 3D-басып шығару және дәнекерлеу жөніндегі инженер, роботтандырылған бояу жүйелерінің операторы және басқалары бар.

Министр 336 кәсіпті қамтитын сегіз салада жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, 60 кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталды.

Өнеркәсіп саласында кадрлар даярлау үшін дуальды оқыту белсенді қолданылады. Еліміздің 284 колледжінің жұмысына 700-ден астам кәсіпорын жұмылдырылған. Қол қойылған шарттар мен меморандумдар шеңберінде жыл сайын 13 мыңнан астам жас маман жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. 2024 жылы оқушыларға кәсіптік бағдар беру аясында 2 мыңнан астам студент өнеркәсіптік кәсіпорындарда тәжірибеден өтті.

Сондай-ақ геология саласындағы кадр тапшылығын шешу үшін «Жас геолог» қоғамдық қорын құруды және жастар арасында мамандыққа деген қызығушылықты арттыру үшін халықаралық олимпиада өткізуді қосқанда, жүйелі шаралар қабылданғанын атап өтті.

ЭНЕРГЕТИКТЕРГЕ СҰРАНЫС АРТАДЫ

Энергетика министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда республиканың отын-энергетикалық кешені саналатын 1671 кәсіпорында 303 мыңнан астам түрлі кәсіп қызметкерлері жұмыс істейді.

2030 жылға дейін ОЭК салаларында құрылыс кезеңінде де, тұрақты жұмыс орындарында да 83 мыңнан астам сапалы

Басы 1-бетте

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ



жұмыс орындарын аша отырып, 99 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Мұнай-газ саласындағы жобаларды іске асыру мұнай-газ саласының да, аралас салалардың да техникалық мамандықтары үшін шамамен 22 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ химиясына 6 ірі жобаға 21 мыңнан астам маман жұмысқа тартылмақ, оның ішінде 18 мыңы уақытша және 3 мыңнан астамы тұрақты жұмыс.

Электр энергетикасында 72 жобадан, оның ішінде 32 жанарғылытын энергетика жобасында

41 мыңнан астам жұмыс орны, уақытша 35 мыңнан астам және тұрақты 6 мыңға жуық жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Министрліктің мәліметінше, атом электр стансасын салу жобасы бойынша 2030 жылға қарай 5 мыңға жуық адам, ал 2032 жылғы құрылыстың шарықтау кезеңінде 10 мыңға жуық адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Іске қосылған кезде жоба кемінде 2 мың адамды жұмыспен қамтиды. Жаңа жобалардан басқа, жұмыс істеп тұрған отын-энергетика кешені кәсіпорындарында 2025-2029 жылдары 16 мың маман қажет болады екен.

АСЫРАУШЫ САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сүйенсек, еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінде 1,1 млн адамды жұмыспен қамтамасыз ететін 300 мыңнан астам өндіруші, оның ішінде жұмысшы мамандарының 595 мыңы немесе 55%-ы жұмыс істейді екен.

Ол отбасылық коэффициентін ескере отырып, салада жұмыс істейтін әрбір маман орта есеппен үш адамды табыспен қамтамасыз ететініне тоқталды. Осылайша, ауыл шаруа-

шылығы 4 млн адамның қаржылық әлауқатына тікелей немесе жанама түрде әсер етеді, бұл оны әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі көздерінің біріне айналдырады.

Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы негізгі кәсіптік-техникалық біліммен қатар цифрлық жүйелермен және жоғары технологиялық жабдықтармен, соның ішінде жасанды интеллектпен жұмыс істеудің жаңа дағдыларын талап етеді. Атап айтқанда, кадрларды даярлау сапасын арттыру мақсатында 2025 жылы 9 кәсіби стандарт, сондай-ақ даярлаудың аграрлық бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, жанарғылмақ. Бұл мамандарды дрондар, астық өңдеу операторлары сияқты заманауи мамандықтарға және жоғары технологияларды қолдануға байланысты басқа да бағыттар бойынша оқытуға мүмкіндік жасалмақ.

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР БАР

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен аталған мәселелер бойынша міндеттер айқындалған мәжіліс өтті. Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Осыған орай, облыстық іс-шаралар жоспары мен комиссия құрамы бекітілді. Жоспарды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 899,9 млн теңге қаралды. Бұл қаржы колледждерді күрделі жөндеуге, материалдық-техникалық базаларын жабықтауға, мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашуға, «Кәсіби бағдар беру педагогі» штат бірлігін енгізуге және жұмысшы мамандықтарын дәріптейтін түрлі шараларды жүзеге асыруға бағытталады.

Колледждерге кәсіпорындардан өндіріс шеберлерін тартуды, шетелдіктерді жергілікті кадрлармен алмастыруды ұйымдастырыңыздар. Бөлінген қаражат мақсатты әрі тиімді жұмсалуды керек.

Ірі кәсіпорындардың, орта бизнес өкілдерінің қатысуымен тоқсан сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізуді тапсырамын. Жұмысшы және орта буын мамандықтары бойынша білім алуға ниетті 9-сыныпты бітірушілерді 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту үшін 5 308 орын мемлекеттік тапсырыс бөлуге құжат әзірленді. Колледждерді үздік бітіруші 100 студентке тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама беру үшін өңірдің ірі кәсіпорындарымен арнайы келісімді үйлестіріңіздер.

Қоғамда еңбек адамына деген құрметті дәріптеу, жұмысшы мамандықтарын насихаттау, беделін көтеру, жастардың қызығушылығын арттыру бағытында Мемлекет басшысының, Үкіметтің берген барлық тапсырмалары толық орындалуы қажет», – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Өңірде 28 колледж 97 мамандық, 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті кадрлар, оның ішінде, 19 колледжде 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярлануда.

Бүгінде жобалық кеңсе, аймақтық штаб құру, «Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында «Жұмысшы мамандықтар жылының» салтанатты ашылуын ұйымдастыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Басты мақсат – техникалық және кәсіптік білім беру саласын трансформациялау, колледждерді салаландыру, дуальды оқыту, модульдік білім беру, халықаралық стандарттарға сай, еңбек нарығына қажетті, сұранысқа ие жұмысшы мамандар даярлау. Бұл аймақтағы кәсіптік білім беру деңгейін арттырады.

Р.С. «Жалғыз сиырмды сатсам да, баламды оқытамын. Мен сияқты жұмысшы болмай-ақ қойсын» дейтін қасаң пікір қазір түбегейлі өзгерді. Расында, мұндай да болған. Қайтсе де баласына бір диплом алып беруге тырысып, кейін ол қатырма қағаз сандықта жатып, баласы жұмыссыздар қатарын көбейткені – өмір шындығы. Қазір қоғам көзқарасы басқа, жұмысшы маманға сұраныс та жоғары. Қалай айтқанда да, биыл жұмысшы мамандықтың кәдірі артып, мәртебесі биіктеуге барлық жағдай жасалмақ.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Суретті түсірген **Н.НУРЖАУБАЙ**

КӨЛЕҢКЕЛІ БИЗНЕСКЕ ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК

Мобильді аударымдарды тексеру заңсыз кәсіпкерлікті анықтауға бағытталған. Кәсіпкерлердің арасында сатылған тауар мен қызмет үшін төлемді мобильді аударым арқылы алады. Мұндай кезде фискалды түбіртек берілмейді. Ендеше, кәсіпкер көлеңкелі бизнеспен айналысып отыр. Көпшіліктің көкейіндегі осы сауалдарға және өткен жылдың қорытындысы мен мемлекеттік бюджетке түскен салық төлемдері жайлы Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов бұқаралық ақпарат құралы өкілдеріне берген брифингте баяндады.



Басқарма басшысының айтуынша, 2024 жылдың қорытындысымен мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімі 115 млрд 975 млн теңгені құрады. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 млрд 419 млн теңгеге артқан.

Енді 2025 жылдан бастап екінші деңгейлі банктер – дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша 2024 жылдың қорытындысымен ақпарат ұсынады. Бұл жасырын кіріс пен тіркелмеген кәсіпкерді анықтауға бағытталған.

– Мобильді аударымдар бақылау қасалық машинасын, Post-терминалды, QR-кодты қолданбай жүргізіледі, фискалды чек тұтынушыға берілмейді. Соған сәйкес, тұтынушының құқығы бұзылады. Айта кету керек, мобильді аударымды тексеру әртүрлі тұлғадан үш ай қатарынан ай сайын жеке банктік шотқа 100-ден

аса аударым жүргізілген жағдайда жүргізіледі. Бірден айыппұл салынбайды. Мобильді аударым жасаған тұлғаны шақырып, себебін сұрайды. Мәселен, ол адамның баласы ауырып, ағайындары көмекке ақша аударып, немесе асқа, тойға жинауы мүмкін. Ондай кезде түсіністікпен қарап, зерделеп барып шешім қабылдаймыз. Біздің басты мақсатымыз көлеңкелі табыс табуға тосқауыл болу. Сондықтан кәсіпкерден міндетті түрде түбіртек талап етуіміз керек. Мәселен, көлік жөндеу, киім тазалатқанымыз үшін ақша төлейміз, түбіртек сұрамаймыз. Тұтынушы ретіндегі құқықтық талапты кәсіпкерге қоя білуіміз керек. Заңды түрде тіркелген кәсіпкерлердің қорқынына негіз жоқ. Біз базарларды, сауда нүктелерін аралап, арнайы түсінірме жұмыстарын жүргізіп жүргізудеміз, – деді басқарма басшысы.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

6 АЙДА АЛТЫ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДЕ ТАБЫС ТАБУ ОҢАЙ МА?

ТАБЫСЫ МОЛ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

Қазақстандықтар Оңтүстік Кореяда 3 жылға дейін заңды жұмыс істей алады, олардың еңбек және әлеуметтік құқықтары толық қорғалады. Бұл туралы былтыр Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді. Бағдарлама аясында шетелге жұмысқа баруды қалайтын азаматтарға тіл үйрету, құжаттарды рәсімдеу және медициналық тексеруден өтуге қолдау көрсетілетін орталық құру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда шетелде жұмыс істеп жүрген және шетелде жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардың саны өскен. Сондықтан да осыған байланысты олардың еңбек қатынастарын заңдастыру мен құқықтарын қорғау туындауда.

Шетелде жұмыс істеген кейбір азаматтарымыздың жамақасы төленбеген, медициналық қызмет көрсетілмеген, келісімшарттар бұзылған жағдайлар туралы деректер бар. Сондықтан біз қазір шетелде жұмысқа орналасуға арналған үкіметаралық келісімдер бойынша жұмыс жүргіземіз. Шетелге жұмысқа жіберетін жеке агенттіктердің қызметін реттеу маңызды. Азаматтарымыз сенімді кепілдіктермен қамтылуы қажет. Шетелде жұмыс істеді жоспарлаған қазақстандық азаматтар енді ел ішінде арнайы тағлымдамадан өтеді, – деді премьер-министр Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне шетелде жұмыс істегісі келетін қазақстандықтарға қолдау көрсету бойынша кешенді шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар ол кәсіби және тілдік оқыту орталықтарын ашу мүмкіндігін атап өтті. Мұндай орталықтарды Шығыс Қазақстан, Түркістан және Алматы облыстарында ашу жоспарланған, ал басқа өңірлерде осы тәжірибені қолдану ұсынылды.

Премьер-министрдің айтуынша, бұл шаралар қазақстандықтардың сапалы жұмыспен қамтылуына және халықтың табысын арттыруға көмектеседі.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Соңғы жылдары шетелге жұмыс іздеп барып, мүлдем хабар-ошарсыз кеткен оқиғалар да бар. Себебі олармен үнемі байланыста болатын нақты мекеме жоқ десе де болады. Алдағы уақытта бұл мәселе шешімін таппақ. Өйткені қазақстандықтарды басқа елге жұмысқа шақырған агенттіктердің қызметі реттеледі деп жоспарлануда.

Басы 1-бетте



«Алматықұрылыс» КОЛДАНЫСЫ

Таяу арада еңбек министрлігі «Қазақстан азаматтарының шетелдегі еңбек қызметін ұйымдастыру бойынша еңбек мобильділігі орталықтарының жұмыспен қамту агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы» бұйрық жобасы әзірленді. Жаңа жоба бойынша, Еңбек ұтқырлығы орталықтары жеке агенттіктермен бірлесіп, Қазақстан азаматтарының шетелдегі еңбек қызметін ұйымдастыруды реттеуге тиіс.

Алдағы уақытта ел үкіметі көші-қон саясаты тұжырымдамасы аясында қазақстандық еңбек мигранттары көп баратын бірқатар елмен арада тиісті үкіметаралық келісімдер, меморандумдар бекітпек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, қазақстандықтардың шетелде жұмысқа орналасуына қатысты мониторинг жүргізе бастады. СИМ дерегіне, 2024 жылғы 7 айдағы есеп бойынша таяу және алыс шет елдермен жұмыс істейтін қазақстандықтардың саны шамамен 140 мыңнан асқан. Оның ішінде көбі, яғни 102 мың адам Ресейде жұмыс істеп жүрсе,

Түркияда – 4,7 мың, Ұлыбританияда – 5 мың қазақстандық еңбек етуде.

Ел азаматтары жамақасы жоғары жұмыс орнына кіру үшін және сол елде бейімделу мақсатында оларды кәсіби дайындау жұмысы өте маңызды. Осыған байланысты, сапарға дейінгі дайындық орталығын құру жұмыстары басталды. Қазіргі таңда жұмыспен қамтумен айналысатын жеке агенттіктермен тиісті жұмыстар қолға алынды, олар біріккен ассоциация құрып жатыр. Алдағы уақытта migration.enbek.kz порталына тіркеледі. Сонымен бірге тиісті бірінші тарифтер белгіленіп, қаламдық алгоритм айқындалды, – дейді көші-қон комитеті төрағасының орынбасары Ерболат Абулхатин.

НАН ТАБУ ОҢАЙ ЕМЕС

Ел азаматтарының көпшілігі ауыл шаруашылығы саласына жұмысшы тартуға арналған британиялық бағдарлама аясында шетел асып

жүр. Бұл бағдарламаға Қазақстан бес жыл бұрын қосылған. Соның нәтижесінде елімізде Ұлыбританияға барып жұмыс істейтін азаматтар саны артқан. Мәселен, 2021 жылы – 402, ал 2023 жылғы 5014 адам алты айлық маусымдық виза алған. Дегенмен қазақстандық мигранттардың басым бөлігі әлі де Оңтүстік Кореяны таңдайды. Ол жақта 50 мыңға тарта отандасмыз жұмыс істейді деген бейресми ақпарат бар. Соның 20 мыңы заңсыз еңбек етіп жүргендер. Ал заңсыз жүрген азаматтар көші-қон қызметіне ұсталса, департаментке ілігіп, 5 жыл бойы Кореяға кіре алмайды. Сондықтан барынша өзге елге заңды түрде жұмыс істеуге барған дұрыс. Осы орайда айта кеткен жөн, шетел асып жүргендер танның атысынан кешке дейін кара жұмыс істейді. Деректерге сүйенсек, шетел аскандардың көбі құрылыста, зауыт фабрикаларында, көкөніс алқаптары мен фермаларда маусымдық жұмыс істейді. Яғни ақша оңайлықпен келмейді. Сондықтан шетелге барар алдында бәрін сураттап ойланған дұрыс. Себебі әрбір істің өз қиындығы бар.

Алдағы уақытта ел үкіметі көші-қон саясаты тұжырымдамасы аясында қазақстандық еңбек мигранттары көп баратын бірқатар елмен арада тиісті үкіметаралық келісімдер, меморандумдар бекітпек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, қазақстандықтардың шетелде жұмысқа орналасуына қатысты мониторинг жүргізе бастады. СИМ дерегіне, 2024 жылғы 7 айдағы есеп бойынша таяу және алыс шет елдермен жұмыс істейтін қазақстандықтардың саны шамамен 140 мыңнан асқан. Оның ішінде көбі, яғни 102 мың адам Ресейде жұмыс істеп жүрсе, Түркияда – 4,7 мың, Ұлыбританияда – 5 мың қазақстандық еңбек етуде.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБЫС АЗДЫҚ ЕТТІ

Кейіпкеріміз Тұрар Талқанбаев – айлық табысының аздығынан, Англияға жұмыс істеуге барғандардың бірі.

– Қазақстандағы табысым өз қажеттіліктерімді өтей алмайды. Сол себепті шетелге барып жұмыс істеу ойға келді. Шетел деген аты болмаса, онда кара жұмыс істеуге тура келеді. Англияның Саутгемтон және Чичестер деген екі қаласында болдым. Тек 6 айға баруға болады. Ауылшаруашылық бағытында жұмыс істедім. Мен құлпынай алқабына бардым. Біздің міндетіміз – құлпынай теру, – дейді Тұрар Талқанбаев.

Кейіпкеріміз шетел асып, жұмыс істеп жүргендердің қатарында үлкен кісілер де бар екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол жаққа жұмыс істеуге баратындар шыдамды әрі сабырлы болуы қажет екенін айтып өтті.

– Кез келген жұмыстың қиындығы болады. Бөтен ортаға сіңісіп кету қиынға соғады. Дегенмен қаржы қажет болған соң шыдауға тура келеді. Сосын мол ақша табу да өзіне байланысты. Егер шыдамды, ауыр жұмысқа жарайтын болсаң, ақша табуға болады. Қазіргі уақытта біздің елде жұмыссыздықтың көп болуы, айлық табыстың аз болуынан шетелдегі осындай ақшасы көп жұмыстарға амағ жоқ барды деп ойлаймын. Жақсы жұмыс істеп нәтиже көрсетсең, кейін тағы шақырады. Алдағы уақытта шетелге тағы да жұмыс істеуге бару жоспарда бар, – дейді ол.

Жұмыс іздеп жиірақ кету немесе өз еліңде нәпақа табу әркімнің өз таңдауы. Дегенмен табысты арттырудың жалғыз жолы – шетел асу емес.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖОБА

«Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қалалық мәслихатының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №63-8/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8449-11 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидалы бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Қызылорда қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – әлеуметтік көмек алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мерекелер күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – «Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті ұйымның лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мерекелер күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелер күндері;

9) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) уәкелетті комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

11) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

12) цифрлық құжаттар сервисі – «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;

13) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің «ортақ терезесі» дегенді білдіретін ақпараттандыру объектісі;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнын өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы»;

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады»;

10 тармақ жаңа тасталынсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ПРОЕКТ

О внесении изменения в решение Кызылординского городского маслихата от 14 сентября 2023 года №63-8/5 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда»

Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Кызылординского городского маслихата от 14 сентября 2023 года № 63-8/5 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан» (зарегистрированном Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №8449-11) следующие изменения:

в правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда, утвержденных указанным решением:

пункт 2 изложить в новой редакции:

«2. Основные термины и понятия, которые используются в настоящих Правилах:

1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме;

2) специальная комиссия – комиссия, создаваемая решением акима города Кызылорда, по рассмотрению заявления лица (семьи), претендующего на оказание социальной помощи отдельным категориям нуждающихся граждан;

3) социальная помощь – помощь, предоставляемая местным исполнительным органом (далее – МИО) в денежной или натуральной форме отдельным категориям нуждающихся граждан (далее – получатели социальной помощи), а также к праздничным дням и памятным датам;

4) уполномоченный орган по оказанию социальной помощи – коммунальное государственное учреждение «Городской отдел занятости и социальных программ» акимата города Кызылорда;

5) уполномоченная организация по выплате социальной помощи – банки второго уровня, организации, имеющие лицензию уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций на соответствующие виды банковских операций, территориальные подразделения акционерного общества «Казпочта»

6) прожиточный минимум – минимальный денежный доход на одного человека, равный по величине стоимости минимальной потребительской корзины;

7) среднедушевой доход – доля совокупного дохода семьи, приходящаяся на каждого члена семьи в месяц;

8) праздничные дни – дни национальных и государственных праздников Республики Казахстан;

9) уполномоченный государственный орган – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство и межотраслевую координацию в сфере социальной защиты населения в соответствии с законодательством Республики Казахстан, регулирование, контрольные функции за деятельностью Государственного фонда социального страхования;

10) участковая комиссия – специальная комиссия, создаваемая решением акимов соответствующих административно-территориальных единиц для проведения обследования материального положения лиц (семей), обратившихся за адресной социальной помощью;

11) предельный размер – утвержденный максимальный размер социальной помощи;

12) сервис цифровых документов – объект информационно-коммуникационной инфраструктуры «электронного правительства», закрепленный за оператором и предназначенный для отображения и использования документов в электронном виде, сформированных на основании сведений из объектов информатизации;

13) веб-портал «электронное правительство» (далее – портал) – объект информатизации, представляющий собой «единое окно» доступа ко всей консолидированной правительственной информации, включая нормативную правовую базу, государственным и иным услугам, оказываемым в электронной форме;

14) электронная цифровая подпись (далее – ЭЦП) – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания»;

пункт 9 изложить в новой редакции:

«9. Финансирование расходов на предоставление социальной помощи осуществляется в пределах средств, предусмотренных бюджетом города на текущий финансовый год.

Уполномоченный орган по оказанию социальной помощи переводит в Государственную корпорацию суммы социальной помощи.

Государственная корпорация перечисляет суммы социальной помощи, полученные от уполномоченного органа по оказанию социальной помощи, на банковские счета получателей социальной помощи»;

Пункт 10 исключить.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность ФИО
«СОГЛАСОВАНО»
Коммунальное государственное учреждение «Управление координации занятости и социальных программ Кызылординской области»

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»



Екінші сөз

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп.

Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай атқа мінсе, шаршап, жаяу жүрсе, демін алады, ноғай дегенше, ноқай десенші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, «башалшиқ» ноғай деп.

Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «құзын құлақты тауып бер депті» – деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың ескірген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жаулапайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайлық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табуын да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда.

Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғын білен пышыратарға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ», – деп үйінен қуып шығарады.

Оның бәрі – бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері.

Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні қадарлы да жоқпыз.

Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?

ОҚЫРМАН ХАТЫ

Ерте, ерте, ертеде алыс таулы жердегі үлкен орманда аңдар өмір сүріпті. Кірпі, қоян, түлкі, тасбақа, шортан балық бәрі жақсы дос болыпты.

Күнде аздап барлық аңдар оянып, бір-біріне қайырлы таң сыйлап амандасады екен. Таңғы шыққан беті-қолын жуып, жаттығу жасайды екен. Осылай қызықты күндері өтіп жатады. Күндердің бір күнінде таулы жерге табиғат аясына демалуға адамдар келеді. Олар от жағып, түгіндетіп иіс шығарып, көлден балық аулап орманның мазасын алыпты. Кірпі осы иісті сезіп, не иіс екен деп, солай қарай жүреді. Кірпі өз көзіне өзі сенбей қарап тұрады. От жағып, айналаны ластап жатқан және айқайлап ән салып, теңселіп билеп жүрген адамдарды көреді. Оларға ұзақ уақыт қарап, бақылайды. Кірпі күнде бақылайтын болады, адамдар кете қоймайды. Бір күні кірпі адамның орман ішінде тұрып, аузынан бұрқыратып түгін шығарып тұрғанын көреді. Бір кезде адам қолында қалған дүниені жерге тастай салады. Бұны аңдып тұрған кірпі жайлап барып әлгі дүниені іскеп көреді, иісі жағымсыз екен. Осылай бірнеше рет қайталанады. Кірпі бір күні адам сияқты әлгі дүниені аузына салып көреді, ішіне қарай түгінді тартады. Бір кезде басы айналып, жүрегі айнып, жүре алмай қалады. Бұл есірткі болатын. Кірпіге есірткі қызық болып көрінеді. Кірпі есірткінің дәмін тату үшін күнде орман шетіндегі адамдарға қарай баратын болды.

ЖҮРЕК КІЛТІ

Шынында, күнделікті өмірде адам кімнің кім екенін де ескере де бермейді. Қарбаласқан тіршілік оны ойлап ескеруге де, елеуге де мүмкіндік бермейді, көңіл бөлмейді.

Бүгінде қоғамда бір-біріне жылы сөз айтатындар азайды. Адамдардың бәрі ашуланшақ. Үнемі қабағы ашылмай, тұнжырап жүреді. Олардың көңілдеріне қаяу түсірмей, көңіліне қарағанды сезінбейтіндер бар. Тәкаптарлық, менмендік басым.

Өмірімізде қанша жамандық, қанша жақсылық болса, оның барлығы адамның ықпалымен болады. Еш нәрсе ешқашан өздігінен болмайды, бәрі-бәрі адамның қолында. Жүрегімізді жылтататын, күлдіретін – адамның өзі, сөзі. Өмір сүріп жатқан ортамызға жағымды және жағымсыз өзгеріс енгізетін – адамның іс-әрекеті.

Шетел ғалымы Х.Марті: «Адам бола білу – ең қиын мамандық», – дейді. Өмірге адам болып келіп, адамдық қасиетімізді бойымыздан жоғалтпау әр адам үшін парыз. Жақсы адамдар азайып барады. Қазіргі таңда әлеуметтік желідегі психологтардың да өңгімесі тек өзіңді ойла дегенге саяды. Иә, өзімізді ойлаған жөн-ақ, бірақ адамгершіліктен аттамай, басқа жанның жүрегіне қаяу түсірмеу керек. Біздің де ұстаным – адамдарды жақсы болуға шақыру, жақсы адам болып қалуға үндеу. Осы мақсатта газет бетінен «Жүрек кілті» айдарын ашып отырмыз. Жаңа жылды өзгерістен бастайық. Адамдарға жақсылық жасап, өзгенің алғысын алғанды жөн көрейік. Адамдардың жақсы жаққа қарай өзгеруіне сеп болсақ, біздің де тігеті де үлес қосқанымыз. Алдағы уақытта жүрек түкпіріне жетер әдемі әңгімелер, психологиялық кеңестер жариялап тұрғанды жөн көрдік. Құрметті оқырман, сіздің де айтар ойыңыз болса, бізге хат жолдаңыз...

Біз жіберетін қателік: «Әр нәрсенің шегі бар» екенін білмеу...

Алтын жүректі, кең пейіл болған жақсы. Бірақ та адамның өмір жасы өлшеулі сияқты, әр нәрсенің өз шегі бар. Шектен асқан жамандық та, жақсылық та – зиян. Таразы басын тең ұстау керек. Мысал: Түбекке гүл отырғызыңыз да оған су құйып, күтім жасап баптаңыз. Баптау деген не? Су құю, күн көзіне шығару, шаңын сұрту, топырағын қосыту... Егер сіз гүлге күнде су құясыз не болады? Гүл шірді. Егер гүлдің топырағын күнде қосыпсаңыз не болады? Гүл тамырын зақымдап алуыңыз мүмкін. Егер гүлді күні бойы күн астында қалдырсаңыз не болады? Өледі!

Екінші қателік: Жан дүниенің «есігін» үнемі ашық қалдыру...

Жантану мамандары көбінесе адамды үйге теңейді. Иә, сіздің жан дүниеніз – үйіңіз. Есігі ашық үйге кім болса сол кіріп ақтарып, шашып, ластап, тіпті тонап та кетеді!

Мысал: Бір әйел данышпан қарттың үйіне келеді. Жылап отырып, басындағы жағдайды баяндайды.

– Қалай өмір сүірімізді соңғы кезде білмей қиналып жүрмін. Барлық адамға шамам келгенше тек жақсылық жасап едім. Алап, шыншыл болдым. Қайтарымын күтпей-ақ танымайтын адамдарға да жақсылық істедім, қиналғанға

көмектестім. Алайда олар жақсылығымды жамандықпен қайтарды. Өзімді кінәлады. Бұл әділетсіздік емес пе? Мен сонда не істеуім керек, маған ақыл айтыңызшы!

Данышпан қарт: – Кімніңізді түгел шешіп жалаңаштанып көшеге шығыңыз, – дейді.

– Не айтып отырсыз? Ұялмайсыз ба, әлде мені күлдіру үшін әзілдеп отырсыз ба? Кімсіз көшеге шықсам, бәрі күлмей ме?! – дейді әйел.

Данышпан қарт: – Жалаңаш көшеге шығудан қорқып отырсыз. Ал жаныңызды жалаңаштаудан ұялмадыңыз ғой,

– Бәрі жүр, – деп данышпан әйелді бақшасына ертіп келеді.

– Мынау жайқалған гүлдерді көрдің бе? Гүл егіп жатқандар көп, бірақ барлығының ескені гүл ашып жайқала бермейді. Ерекше күтім жасап, су құйып, қамқор болғанда ғана өсімдік гүл ашады. Дәл сол сияқты сен де саған қамқор болған адамға ғана жан дүниенің есігін аш. Ал жапырақтарыңды жулып, аяққа таптайтын, солдыратын адамдарға жан жүрегіңнің есігі жабық болсын. Қарашы, бақшалдағы гүлдер кешқурымда күлтешесін жинап жабылады, ертеңіне күн сәулесін төккенде қайта ашады. Үнемі жапырағы жайқалып тұрған гүлді көрдің

ЖАНЫҢДА ЖҮР
ЖАҚСЫ АДАМ

оның есігінен танитыңды да, танымайтынды да кіргізуден қалайшы қорықпадыңыз? – деп күрсінеді.

– Мен ешкімді үйге кіргізген жоқпын, – деген әйелге данышпан:

– Жаныңыз – үйіңіз. Жаныңыздың есігі айқара ашық жатыр. Кез келген адам кіріп-шығып жүр. Біреуі бұл «үйіңіздің» төріне аяқ киімін шешпей-ақ шықты, бірі жалғыз өзі кірмей басқаларды да ерте келді. Сөредегі кітабыңызды жұртты, ыдысыңызды сындырды. Бірақ оларға кіруге өзіңіз рұқсат бердіңіз ғой. Сондықтан өзіне айта алмай, іштей ренжіп ашуланасыз.

– Сонда мен не істеуім керек?

бе? Жалпы, қандай да бір қиындыққа тап болып не істеріңді білмегенде табиғатқа қара. Табиғаттан қалай дұрыс өмір сүрудің де, басқа да сұрақтарыңның жауабын таба аласың, – дейді данышпан.

Есте сақта: Басынан сипаған адамыңыз басыңызға шығып алмас үшін, «жақсылығымды түсінебі» деп өзгеге, ал «жақсылығым неге жамандық боп қайтты?» деп өмірге ренжігіңіз келмесе, екі-ақ ережені ұстаныңыз.

Бірінші ереже: Адам=Гүл. Шамадан артық су құймаңыз!
Екінші ереже: Адам=Үй. Үйіңізге кез келгенді кіргізе бермеңіз!

Дайындаған Айтқолқы БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

МЕТАПНЕВМОВИРУС ҚАУІПТІ МЕ?

ЕЛІМІЗДЕ
ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда аландаушылық тудырған метаневмовирусқа қатысты өз ойын айтты.

– Қазір бәрі жаңа инфекция туралы айтып жатыр. Меніңше, одан дағза жасаудың қажеті жоқ. Сондықтан Қытаймен ынтымақтастықты одан әрі дамытуымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанда метаневмовирусқа байланысты карантин енгізу қажеттілігі жоқ. Бұл туралы Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының басшысы Айжан Есмағамбетова орталықтың «Facebook» парақшасында жарияланған видеода мәлімдеді.

– Қазіргі эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Біз эпидемиологиялық маусымның қызған шағында тұрмыз. Егер өткен жылдың

Басы 1-бетте



эпидмаусымын осы жылмен салыстырсақ, аурушандық 20%-ға төмен екенін көреміз. Қаңтар айында аурудың өсуі байқалады, алайда бұл әдетте ақпанның ортасына қарай төмендейді. Қазіргі уақытта карантин немесе шектеу шараларын енгізуге ешқандай негіз жоқ, – дейді Есмағамбетова.

Сонымен қатар Ұлттық орталық басшысы азаматтарды аурудың алдын алу шараларын сақтауға шақырды. Қолды жиі жуып, қоғамдық орындарда маска тағу, сондай-ақ денсаулықты бақылап отыру – респираторлық аурулардың таралуын болдырмаудың ең тиімді тәсілдері болып қала бермек.

Айжан Есмағамбетованың айтуынша, қазіргі жағдай аландаушылық туғызбайды, алайда санитарлық нормаларды сақтау маусымдық аурулармен күресте маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар еліміздің білім беру саласы метаневмовирусқа қатысты кез келген жағдайға дайын екенін оқу-ағарту

министрі Ғани Бейсембаев Үкіметте өткен брифингте журналистердің сұрақтарына жауап беру барысында мәлімдеді.

– Еліміздің білім беру жүйесі түрлі сын-көтерлерге жоғары дайындық деңгейін көрсетіп отыр. Бұл 2020 жылғы пандемия кезінде жинақталған тәжірибе. Сондықтан барлық колледждер мен мектептер қазіргі жағдайға дайындық үшін қажетті барлық құралдармен толық қамтамасыз етілген. Алайда бүгінгі таңда Денсаулық сақтау министрлігінің шешімін күту қажет деп ойлаймын, – деп мәлімдеді ол.

Қазіргі таңда вирусқа қарсы арнайы дәрі-дәрмектер мен вакцина жоқ. Дәрігерлер көбінесе симптоматикалық ем тағайындайды: дене қызуын түсіру, тыныс алуды жеңілдететін ингаляциялар және қақырық түсіретін препараттар. Алайда вирустың алдын алуға болады. Ол үшін гигиена ережелерін қатаң сақтау, қолды жиі жуу, адамдар көп жиналатын орындарда маска тағу және ауырған адамдармен байланысуды шектеу ұсынылады.

София
ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Ал достары болса, кірпіні таң атқаннан кеш батқанға дейін іздеп таппай жүреді.

Бір күні кірпі есірткіге тойып алып достарына өзі келеді. Достары шырылдап, аман екеніне қуанып жатса, кірпі ашуға булығып, оларды итеріп жібереді. «Мен аманмын, көріп тұрсындар ғой, мен кішкентай емеспін барындар, әрі!» деп

ЕСІРТКІ ЖАЙЛЫ ЕРТЕГІ

айқайлайды. Осы кезде кірпінің анасы баласын түскі асқа шақырады. Кірпі үйіне келіп, анасының пісірген асын ұнатпай лақтырып, итеріп төгіп тастайды да, үйден шығып кетеді. Сыртта жүрген әкесіне қайырылып та қарамай, ығымен қағып өте шығады. Балаларының бұлай өзгеріп кеткеніне таң қалған ата-анасы артынан қарап қалады. Ал кірпі болса, сол баяғы орман шетіндегі адамдарға қайта барады. Осылай есірткі шегуді әдетке айналдырып достарынан айырылады.

Ата-анасы шырылдап, баласын уайымдап, қоянға келеді. Қоян болған жағдайды айтып береді. Кірпінің достары мен ата-анасы кішкентай кірпіні бұрынғы өмір салтына алып келуді ойлайды. Ақылдаса келе, сол орманда ақылды, данышпан бір үкі бар екен, сол үкіден ақыл сұрайық деп

шешеді. Бәрі жиналып үкіге болған жағдайды айтып береді. Үкі көп ойланбастан былай дейді: «Егер, лас суға толып тұрған кесені қисайтпай, төкпей, ішіндегі суды тазарту керек болса, не істер едіңдер?» деп сұрайды. Кірпінің ата-анасы мен достары шешімін таппай «білмейміз» деп жауап береді. Сонда үкі былай дейді: «Ол үшін кесе толы лай судың үстіне

таза суды үздіксіз құйып тұрсаң, кеседегі су тазарады. Сендер достарыңды есірткіден арашалап алғыларың келсе, күнде-күнде кірпіні ортаға алып, оны қызықтыратын жаңа ойын мен қимылдар, жарыстар ұйымдастырындар. Бір сөтке болса да көзден таса қылмай жігі қадағалап қасынан табылындар» деп кенес береді.

Бұл кезде кірпі адамдар тастаған есірткісін шегіп алып, басы ауырып, мең-зен болып отырған еді. Қасында достары да жоқ. Уақыт қызықсыз өтіп жатты. Есірткіден кірпі бас тарта алмады. Ал орманға демалуға келген адамдар кетіп қалды. Кірпі келесі күні адамдардың жоқ екенін көріп, енді не істеймін деп басы қатты. Көңіл-күйі жоқ, ашуланып, айналасындағы өсіп тұрған гүлдер мен жидектерді құлып тастады. Кірпі қатты өзгерді.

Барлық жыбырлаған жәндіктер мен аңдарға тиісіп мазаларын алды, қорқытты, үркітті.


Кірпінің ата-анасы мен достары келіп, оны жақсы көретіндерін айтып, құшақтап ашуын басып, ақылдан айта бастайды. Бастапқы уақытта кірпі тыңдағысы келмей, ашуланды. Бірақ достары күнде аздап кірпіні ортаға алып қызықты жарыстар ұйымдастырды. Орманды қоқыстан тазалады. Достарымен бірге жидек теріп, гүл шоқтарын жинап, әлсіздерге көмектесіп, жақсы көңіл-күймен күндерін өткізіп жүрді. Керемет күндердің бірінде кірпі достарынан кешірім сұрады. Жасаған іс-әрекетінің дұрыс емес екенін айтты және сол жаман жолдан шығаруына көмектескендері үшін алғысын жаудырды.

Кірпі орманға ұзақ қарап тұрды. Егер орманға адамдар келіп тағы осылай жасайтын болса, ол адамдарға: «Адамдар, сендер есірткіні тастаңдар. Ол жақсылыққа апармайды. Денсаулығыңды құртады. Кел, оданда орманның таза ауасымен тыныстап демал, жаттығу жаса. Достарыңмен бірге есірткісіз өмір керемет!» дер еді.

Кірпі мен достары ұзақ та, қызықты өмір сүріпті. Кірпінің ата-анасы баласының достарына дән риза болыпты.

Аяғөз ТӨРЕХАН,
Абай атындағы №138 орта мектептің оқушысы

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ - 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4386 Тапсырыс №34

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА